


МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
І апта (30 – 04 желтоқсан 2020 ж.)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: 

Аманшеева А.Ж

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Тәрбиеші: Абенова Б.К

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|----------|--|---|--|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Ойындар(үстел үсті, саусақ және т.б.) | Ойын: «Не өзгерді?» Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | | «Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке карап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. | Сюжетті-рөлді ойын: «Кітапхана» Мақсаты: Ойын барысында қоршаған орта туралы алған білімдерін, кітапханалардың әлеуметтік маңыздылығын көрсету. Кітапхана қызметкерлері туралы түсініктерін нақтылау, қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесін бекіту.. | Сюжетті-рөлді ойын: «Шаштараз» Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға және рөлдік өзара қарым-қатынастарды меңгеруге мүмкіндік туғызу. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | 1.Сауат ашу Тақырыбы: «Саматтың ойыны. С дыбысы мен әрпі» Мақсаты: С дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. «С» дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «С» әрпін таныту; шаттық шеңбері: Қайырлы таң, балалар! Арайлап таң атты. Алтын сәуле таратты, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң, достарым! Педагог балаларға күннің суретін көрсетеді. – Күн бізге не шашып тұр? | | 1.Сауат ашу. Тақырыбы: «Достық көмек. Д дыбысы мен әрпі» Мақсаты: Д дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. «Д» дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудартып, сөздік қорларын дамыту. «Д» әрпін таныту; Педагог балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Достық туралы әңгімелеп, бір-бірлеріне жақсы тілек айтқызады. Педагог балаларға «Екі дос» ертегісін дауыстап оқып береді. Екі достың ормандағы іс-әрекетін талқылайды. Балаларға ертегі бойынша сұрақ қояды. Балалар сұраққа жауап беріп, ертегіні мазмұндайды. Әліппе-дәптермен жұмыс. | 1.Құрастыру. Тақырыбы: «Менің сүйікті ойындарым» Мақсаты: Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Тәрбиеленушілердің психологиялық көңіл күйін көтеру. Тәрбиеленушілер шаттық шеңберіне тұрып, денсаулыққа пайдалы дәрумендердің аттарын атайды. Денсаулықты шынықтыру үшін қандай іс-әрекетпен айналысуға болады? Спортпен шұғылданду, таза ауада жүру, жүгіру және қимылды ойындар ойнау т.б. | 1.Өзін-өзі тану. Тақырыбы: «Қарым-қатынас жасауды үйренеміз» Мақсаты: балаларды өзара жақсы қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Тәрбиеші музыка жетекшісінің сүйемелдеуімен Ә.Дүйсенбиевтің «Қуыршақ» өлеңін балалармен бірге қосылып орындайды. «Қуыршақ» Сөзі: Ә.Дүйсенбиев Әні: Т.Ізтаев Шаттық шеңбер! Тыныштық сәті: Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, |

| | | | | |
|---|--|--|---|---|
| <p>– Күн бізге сәулесін шашып тұр. Балалар «күн сәулесінен жылу тарайды» деген сияқты өз ойларын ортаға салады. Педагог балаларға күн батқан соң аспандай пайда болатын ай туралы әңгімелейді. Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. – Суреттен не болып жатыр деп ойлайсындар? Сурет бойынша балалар «Менің отбасымның бір күні» тақырыбында әңгіме құрайды. <i>Отбасындағы кішкентай баланың аты – Самат. Ол әжесіне еркелейді. Әжесінің мәсісін қайық жасап ойнады. Әжесі мәсісін іздеді. Саматтан сұрады. Самат көрмегенін айтты. Әжесі өзінің мәсісі суда қайық болып қалқын жүргенін көрді.</i></p> <p>Педагог балаларға кебіс, мәсі сөздерінің мағынасын түсіндіреді. «Саматтың осы қылығы дұрыс па?» деген сұрақ қойып, балалардың пікірлерін тыңдайды. 2-тапсырма. – Самат қай күндері бақшаға бармайды деп ойлайсың? (Балалар апта күндерін бояйды). Балалар апта күндерін атауларымен атап, санап шығады. – Біз балабақшаға келетін күндерімізді</p> | | <p>Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Сурет бойынша балалар сұраққа жауап беріп, әңгіме құрайды. <i>Балалар қайда ойнады?</i> Сызба бойынша үш сөзден тұратын сөйлем құрайды. <i>Балалар немен ойнады?</i> Сызба бойынша үш сөзден сұратын сөйлем құрайды. <i>Доптың пішіні қандай?</i> Сызбаға қарап екі сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сұраққа жауап беру кезінде Д дыбысы естілетін сөздерді ажыратады. 2-тапсырма. Суреттегі ойын құралдарын атайын айтады. <i>Дартс, доп, домино.</i> <i>Дартс – спорттық ойын түрі.</i> <i>Қабырғаға дөңгелек нысана ілінеді. Қандай да бір қашықтықтан нысанаға садақшаларды лақтырады.</i> Ойын құралдарының атауын түсіндіріп, ойынның қалай ойналатынын қысқаша көрсетеді. Ойын құралдарының атауын буынға бөледі. 3-тапсырма. Д әрпін бейнелейміз. Түрлі түсті моншақтарды жіпке тізіп, Д әрпін бейнелейді. – Д – ұяң дауыссыз дыбыс. Д дыбысын айтқанда тілдің ұшы төмен түседі және астыңғы тістерге барып тіреледі, дауыс желбезектері</p> | <p>ойындар ойнау т.б. Қандай ойындар ойнағанды ұнатасындар? Біз бүгін сендердің ептіліктеріңді, шапшандықтарыңды және мергендіктеріңді байқап көру үшін, «Дәл көзде» ойынын ойнасақ. Ол үшін ойынға қажетті құралды өзіміз жасайтын боламыз. Оған қажетті құралдар: сусынның бөтелкелері, түрлі түсті қағаздар, желім және қайшымен жұмыс жасауды жалғастырамыз. Бос бөтелкелерді далаға тастамай, көшені ластамай жинап жүру де денсаулыққа пайдалы. Әліппе-дәптермен жұмыс. Тәрбиеленушілер «Пішінді таңда» ойыны бойынша шағын топтарға бөлінеді. Әр топ 5 л немесе 2 л сусынның бос бөтелкелерін таңдап алады. Әр бала шағын топтағы өзінің міндетін анықтап алады. Олар геометриялық пішінмен, ою-өрнекпен немесе гүлдермен бөтелкені безендіруді ойланады. Таңдаған пішіндерді алдымен тәрбиеленушілер шағын топта өзара келісіп алған соң жеке-жеке пішіндерді қияды, дайын болған пішіндерге желім жағып, кезекпен бөтелкеге жапсырады. 1-топ: Геометриялық пішіндермен</p> | <p>шипалы ауаның тұла бойларына толғанын сезініндер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады. Әңгімелесу: - балалар, қазір орындаған «Қуыршақ» өлеңінен не түсіндіңдер? Балалардың жауаптары тыңдалады. - Дұрыс айтасындар, балалар! Бұл өлеңнен «Қуыршақтың» қырсық мінезін, тіл табыса алмайтындығын байқадық. Әңгімелесу: «Жалғыз алма» В.А.Сухомлинский. Ойын «Қуыршақ сөйлейді» Өзіммен-өзім Ғажайып сөз-Татулық.Жақсылық көру.Сыйлау.Келісу.Түсінісу.Тіл табысу. Бүгін біз жақсы қарым-қатынас жасаудың құпиясы бір-бірімізді түсіну,өзара сыйластық екенін түсіндік.Күнделікті өмірде балалар бір-біріне түсіністікпен қарап,сыйласса қарым-қатынастың жақсы болатынын сөзсіз. Жүректен жүрекке. - Ыңғайланып отырып, қолдарыңды алға қарай созындар. Енді сенің алақаныңда кішкентай «Күн» жатыр деп ойла. Оның сәулесі сенің саусақтарыңның арасынан өтіп, бойыңа жылылық құйғанын сезін. Енді күннің тартқан жылудың сезіне отырып, қасындағыларға жақсы, мейірімді сөздер айтындар.</p> <p>2.Музыка. Тақырыбы:«Шыныққан шымыр баламыз» Мақсаты: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен жән есту қабілетіне сүйеніп ән салу Тыңдау: «Жол жыры» (Қ.Қуатбаев,Ә.Дүйсенбиев) Ән айту. «Ел қорғауға әзірміз» (Қ.Қуатбаев,М.Әлімбаев) Музыкалық ырғақты</p> |
|---|--|--|---|---|

| | | | | |
|--|--|---|---|---|
| <p>атандаршы? – Аптасына неше күн балабақшаға келеміз? Педагогтің сұрақтарына балалар жауап береді. – Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, сенбі жексенбі. Апта күндерінде тек жұма сөзінде с дыбысы естілмейтінін табады. – Самат келесі жылы мектепке баратын болса, ол неше жаста? Педагогпен бірге балалар мектепке баланың неше жастан келетіні туралы әңгімелейді. С- дыбысы дауыссыз дыбыс, Тілдің ұшы төменгі тістерге тіреліп тұрады және Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрынға баратын ауа жолын жабады, дыбыс перделері ашылады. Сергіту сәті. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Жасап алсақ жаттығу,</p> <p>Сағаттардың тіліндей, Жүрегіміз соғады. Сырт сырт етіп сағаттай. 3-тапсырма С әрпімен таныс болайық. Педагог М. Әлімбаевтің өлеңін оқып береді. Балалар өлеңді не туралы екенін мазмұндайды. Суреттегі айдың, орақтың суретіне қарап С әрпінің бейнесіне ұқсайтынын айтады. Балалар С әрпіне ұқсайтын тағы басқа бейнелерді табады. 4-тапсырма</p> | | <p>дірілдейді. Сергіту сәті Қолды жоғары көтеріп, Демалып бір алайық. Доп сияқты домалап, Секіріп, секіріп алайық. Денемізді бос ұстап, Шынығып бір алайық. Балалар өлең жолдарын қимылмен айтады. 4-тапсырма. Педагог тапсырмада берілген сөздерді оқып береді. Балалар қимылды білдіретін сөздерді суретпен сәйкестендіріп, бірнеше сөйлем құрастырады. Мысалы: <i>Айгүл келді. Сәкен жүзді. Асан мен Досан жарысты. Айман дірілдеді. Досжан секірді.</i> «Бассейнде Д әрпіне қай бала ұқсайды?» сұрағына жауап алады. <i>Д әрпіне отырған бала ұқсайды.</i> «Демалыс күні» өлеңін оқып береді. Дір-дір етті сөзін қимылмен көрсетуге тапсырма береді. Д әрпінің баспа түрін жазу жолдарына жазады.</p> <p>2.Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Қимыл-қозғалыс пен көңіл күйді жақсартамыз» (негізгі қимылдар) Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру. «Шеңбер құрып тұрамыз, Достарымыз бәріміз. Солға адымдап жүреміз, Оңға адымдап жүреміз, Шыр көбелек айнала Ортада сап түземіз. Шаттанамыз, күлеміз, Жалқаулықты тастайық, Ойынды қайта бастайық!» –</p> | <p>безендіреді. 2-топ: Ою-өрнектермен безендіреді. 3-топ: Гүлдермен безендіреді. <i>Сергіту сәті:</i> Тыныстайық тереңнен! Жүгірдің де қарғыдың, Жарадыңдар барлығың. Шаршадыңдар дегенмен, Тыныстандар тереңнен. Кәне, «Үп!» – деп айтайық, Демді ішке тартайық. Енді «Уһ!»–деп айтайық, Демді шығар қайтарып. Босаңсытып дененді, Бей-жай күйге ен енді. Басты көтер, тік ұста! Емін- еркін тыныста.</p> <p>2.Жапсыру. (Сюжеттік аппликация) Тақырыбы:«Жаттығу жасаймыз »</p> <p>Мақсаты: Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру. ҰОҚ-де оң көңіл күй туғызу. Таңертең тәтті ұйықтап жатқанда, Радиодан жаттығу басталады, Демек, оянатын кез келді. Тік тұрамын, аяқтарды алшақ қоямын, қолымды жоғары көтеріп, жаттығуға қосыламын.</p> | <p>қозғалыс:«Таңертеңгі жаттығулар»(А.Тани, А.Естенов)«Қара жорға» қазақ халқының ұлттық биі</p> <p>3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері. Тақырыбы: «Қандай шынығу түрлері болады?» Мақсаты: Денсаулықты нығайту әдістері мен шынықтыру әдістерімен таныстыру. Жағымды көңіл күй орнату. Шаттық шеңберіне тұрып, «Сәлем, досым!» ойынын ойнату. Балалар бір минут ішінде үлгергенінше бірнеше баланың қолын қысып, «Сәлем, досым!» – деп сәлемдесіп шығулары керек – Өрқайсысымыз досымызға денсаулық тіледік. Ал денсаулықты қалай нығайтуға болады? Балалар денсаулықты сақтау әдістері туралы айтады, талқылайды. Ертеде ұста темір соққанда алдымен қыздырып, сосын бірден суық суға малып алады. Содан кейін қайтадан қыздырып, суытып, солай бірнеше рет жасайтын. Нәтижесінде темірден жасалған зат өте мықты, берік болып шығады. Сол сияқты шынықтыру да организмді ауру мен басқа да сыртқы орта соққысынан қорғау үшін қажет. Ешқашан ауырмай, күшті, дені сау болып өсуі үшін не істеу керек? Организмді шынықтыру керек. Шыныққан организм түрлі ауа райының жағдайына төзімді болып, кез келген ауыр күшке төтеп бере алады. Шынықтыру – бұл денсаулықты нығайту және иммунитетті көтеруге қабілетті, түрлі температура жағдайына әдеттенумен байланысты ұзақ іс-шара. Дұрыс тамақтану, күн тәртібін, жеке бас тазалығын сақтау да шынығуға жатады. Шынығу дегеніміз не? Адам да өз организмін шынықтыра алады деген</p> |
|--|--|---|---|---|

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| <p>Сынған сағатты жөңдейміз. Суреттегі сағаттың қандай сандары жетіспейтінін анықтайды. 1, 2, 3, 6 цифрларынан басқа сандарды атайды. 8 санының неден тізілгенін айтады. Қандай сандарда С әрпі естілетінін анықтайды. Сегіз, бес сандарын атайды. С әрпінің баспа түрін жазу жолдарына жазады.</p> <p>2.Музыка Тақырыбы:«Шыныққан шымыр баламыз» Мақсаты: Қарапайым әуендерді, таныс әндерді аспапта сүйемелдеумен жән есту қабілетіне сүйеніп ән салу Тыңдау: «Жол жыры» (Қ.Қуатбаев,Ә.Дүйсенбиев) Ән айту. «Ел қорғауға әзірміз» (Қ.Қуатбаев,М.Әлімбаев) Музыкалық ырғақты қозғалыс:«Таңертеңгі жаттығулар»(А.Тани, А.Естенов)«Қара жорға» қазақ халқының ұлттық биі</p> <p>3.Жаратылыстану Тақырыбы:« Құстар қайда қыстайды?» Мақсаты: Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарды атау Тағы ҰОҚ басталды, «Бес» алуға аз қалды. Бәрін айтып жасқанбай,</p> | | <p>тақпаққа сәйкес қозғалу. Мимикалық жаттығу <i>Бұл жаттығуды орындау кезінде 6–8 секундтан теріге батырмай, саусақ ұшымен сипалау қажеттігі ескеріледі.</i> Мұнда Өкпелегіш тұрады. <i>Бала бұртиып, саусағын түйілген екі қастың ортасына апарады.</i> Мұнда Келемеж тұрады. <i>«Бурадино» жаттығуы, бала тілін шығарады.</i> Мұнда Күлегеш тұрады. <i>Бала сұқ саусағын екі ұртына апарып жымыяды.</i> Мұнда Қорқытқыш тұрады. <i>Бала көзін бақырайтып, аузын ашып, қолын созып, саусақтарын бүгеді.</i> Бұл Бибка деген мұрын! <i>Саусақпен мұрын ұшын басады.</i> Ал неге күлмейсіңдер? <i>Балалар педагогтің сұрағына күлкімен жауап береді.</i> Мұнда Өкпелегіш тұрады. <i>Қастың екі арасына массаж жасалады.</i> Мұнда Келемеж тұрады. <i>Мұрынның екі жағындағы нүктелерді уқалайды.</i> Мұнда Күлегеш тұрады. <i>Төменгі жақ, ерін және иектегі ортаңғы бет сызықтарына массаж жасалады.</i> Мұнда Қорқытқыш тұрады. <i>Ауызды кең ашып, тілді барынша шығарып, құлақтың төменгі ұшын төмен қарай тартады.</i> Мынау Бибка деген мұрын! <i>Сұқ саусақтың ұштарын кезек-кезек мұрынның ұшына тигізу.</i> Ал неге күлмейсіңдер? <i>Екі ұрттағы нүктелерді сұқ саусақпен уқалау.</i> Үш қатар тізбекке тұру Қолына доп ұстап жанымен жүру – қолға доп ұстап бір</p> | <p>Үйде тым-тырыс тыныштық, Тыныштықты мен бұзамын. Бір, екі, үш, төрт, бес – Дауыс шығарып есептеймін. Жан-жағыма қарайлап, Анамды, әкемді шақырамын. Дауыстап бәріміз бірге Жаттығуға кірісеміз. Таңертең күнді жаттығудан бастасаң – Күні бойы сергек жүресің. Денің де сау, тәнің де сұлу Мәз-мейрам боп күлесің. <i>(Е. Яхницкая)</i> Тәрбиеленушілер өзінің күнін неден бастайтыны туралы бөліседі. Жұмыс үстеліндегі құралдарды тексеру. – Жұмысқа қажетті заттар – желім, қайшы, сулық клеенка үстелде болуын тексереміз. Қайшыны, желімді дұрыс пайдалану ережесін еске түсіру және айтып беру ұсынылады. Сулық пен клеенка не үшін керек? Өліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс. Тәрбиеленушілер сурет бойынша жұмыс жасайды. Жаттығуды не үшін жасау керектігі туралы ой бөліседі. Жаттығу – дененің буындары мен бұлшық еттерін шынықтыру үшін жасалатын жаттығулар кешені. Педагог балаларға қарындаш дайындауды ұсынады. Ол адам денесінің сұлбасын салу үшін қажет. Динамикалық үзіліс Аюлар тоғайда өмір сүреді, Бастарын айналдырып жүреді Былай, былай <i>(басты айналдыра қозғалту)</i></p> | <p>сөз бен аңыз арасында қандай байланыс бар? Адамға дені сау, мықты болып, ешқашан ауырмау үшін, организмін шынықтыру керек, сонда организм табиғаттың түрлі жағдайларына кез келген уақытта төтеп бере алады. Шынықтыру – түрлі температура тәртібіне әдеттенумен байланысты, денсаулықты нығайту мен иммунитетті көтеруге бағытталған ұзақ іс-шара.</p> <p>«Егер денің сау болсын десең – шынық!» деп неліктен айтады. Организмді қалай шынықтыруға болады және қандай табиғаттың күшін қолдану қажет? Бұл сұрақтарға жауап алуға келесі ойын көмектеседі.</p> <p>«Несімен пайдалы және несімен зиян?» ойыны. Балалар педагогтің сұрақтарына жауап береді (ойын барысында суреттерді көрсетсе де болады).</p> <ul style="list-style-type: none"> • Терезе ашылды да, ішке суық ауа кірді. Ол несімен пайдалы? Ол несімен және қашан зиян болуы мүмкін? • Терезеден күн түсті. Ол несімен пайдалы? Ол несімен және қашан зиян болуы мүмкін? • Кранды ашып едік, су аға бастады. Ол несімен пайдалы? Ол қашан зиян болуы мүмкін? <p>Балалар табиғаттың күн, ауа, су сияқты күші жайлы айтып, ол қаншалықты пайдалы және қашан зиян болуы мүмкін екені туралы талқылайды. Бірақ табиғат күшін тиімді пайдаланатын болсақ, ол біздің нағыз досымызға айналады.</p> <p>Өліппе-дәптермен жұмыс. <i>Балалар Өліппе-дәптердегі суреттерді</i></p> |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| <p>Риза қылғын басқаны. Үлгілі де бола біл, Жақсыны сен көре біл! Таңдандырып үй-ішін Жақсылық сыйлап, өсе біл!</p> <p>Педагог балаларға бүкіл топ ішінде жайылып қойылған суреттерді жинауды және онда бейнеленгендерді бір сөзбен атап берулерін сұрайды (Құстар). Кейіннен ҰОҚ тақырыбы тұжырымдалады: «Құстар қайда қыстайды?». Әртүрлі құстардың суреттері бейнеленген суреттер, пазлдар ұсынылады. Мен құстар туралы не білемін және осы құстар қандай, қайда мекендейді? Құстардың тіршілігі үшін не қажет және кейбір құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? Болжамдар: – Құстарға тіршілік ету үшін ауа, су, қорек керек шығар. – Құстар жылы жаққа суықты ұнатпағандықтан ұшып кететін болар. Қандай дереккөзден біз мұны біле аламыз? Кітаптардан. Суреттер бойынша жұмыс. Әртүрлі құстар бейнеленген суреттер, Педагог балаларға суреттердегі құстарды сипаттап, әңгіме құрастыруларын сұрайды. Педагог балалардың назарын болжамдар ұсынуды үйренуіне аударды. Балаларға табиғатта көрген құстарының қасына</p> | | <p>жанымен адымдай жүру, содан кейін артымен бұрылып доп алып кері жүру, содан кейін қайта бері бұрылу. Барлық дене мүшелеріне күш түсіруге назар аудару – шыныққан бұлшық еттер фигураның барынша айқын кескінін көрсетеді. «Жылдам доп» қимыл ойыны Оң және сол қолмен кезекпен допты жерге соғу. Нұқсау – доптың үстінен саусақтарды жаза отырып алақанмен жеңіл соғу. «Қызыл ала, сары доп Секіресің шаршамай. Жиі-жиі ойнақтап, Қайта жерге түссесің. Тарс-тарс етіп тағы да Секіресің биікке. Жете алмайсың бірақ та, Бәрібір қолға түссесің!</p> <p>3.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Көгөністер мен жемістер туралы ертегі»</p> <p>Мақсаты: Ілікпе сөз бен фразаларды айтуда тыныс алуды реттеу. Алдымен кітабымызды ашайық. Бұл сабақтан бізге көмекке кімдер келетін еді? -Бүгін балалар, сол Айсұлу мен Қуаныштың тапсырмаларын орындай отырып, ертегімізбен танысамыз. Алдымен бейнеленген мультфильм кейпіндегі көкөністер мен жемістерді тауып атап көрейікші.-Бұлардың адамға қандай пайдасы бар, білеміз бе? -Олар дәрумендерге бай.Көкөністер мен жемістерді көп жесек денсаулығымыз мықты болады, ауырмаймыз.</p> | <p>Бастарын айналдырып жүреді. Аюлар бал іздейді, Ағаштарды бірігіп сілکیدі, Былай былай (<i>қолды жоғары көтеріп, оңға, солға ырғалту</i>) Ағаштарды сілکیدі. Кейіннен аюлар былай жүрді, (<i>аюша жүру</i>) Өзендерден су ішті, Былай, былай (<i>денені алға еңкейту</i>) Өзендерден су ішті. Кейіннен олар биледі, (<i>денемен солға, оңға қозғалу</i>) Қолдарын жоғары көтерді (<i>қолдарды жоғары көтеріп, секіру</i>) Былай, былай Қолдарын жоғары көтерді. 3.Дене шынықтыру. «Баскетболшыларды жұп-пен жаттықтыру» (Ауада)</p> <p>(негізгі қимылдар) Тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру Дәрумендерге бай өнімдермен дұрыс тамақтану туралы әңгімелесіңіз. «Белгіні тыңда» Балалармен белгі бойынша қозғалу тәсілдерін келісіп алыңыз: 1 – жүру, 2 – секіру, 3 – еркін қимылдау. Балалар қол ұстасып жұптарымен бір-бірінің артынан жүреді. Педагогтің белгісі бойынша қолдарын тез түсіріп, бір-бірінен қалмай және озбай қатар жүруді жалғастырады. «Қайтала» белгісі берілгенде, қайта қол ұстасып жүруді жалғастырады. Жұппен қозғалыстың бірдей,</p> | <p><i>қарап, шынығу түрлерін талқылайды.</i> Ауамен шынығу. Шынығудың ең қауіпсіз және жеңіл түрі – ауа ваннасы. Ол жылы, салқын немесе суық болуы мүмкін. • Ауамен шынығу 16-20 градус температурада ұзақтығы 20-30 минут болуы керек. • Ауа ваннасын қабылдау мезгілі – таңертең. • Төсектен тұрғанда киінбей тұрып ертеңгілік жаттығуды жасау барысында, тазалық шаралары кезінде қабылдауға болады. Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, қорытындылайды.</p> <p>4.В.к. Ойнаймыз, ойлаймыз. Тақырыбы: Көңілді санамақтар Мақсаты: Жылдам санау дағдыларын ұштау. Психологиялық сәт: «Сәлем деймін күнге мен Сәлем деймін мен саған, Сәлем деймін апайға, Қонақтарға, құстарға» Суретпен жұмыс Аңдардың күзгі тіршілігі бейнеленген сурет көрсетіледі.Сурет бойынша аңдардың күзде қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. «Аю күні бойы орман кезіп жүріп,жеміс-жидектер мен аменжаңғақтарды жеп,денесіне май жинайды,апанның ішін дайындайды. Тиін мен қоян түлейді,яғни жұқа жүндері қалыңдайды және түстері өзгереді.Тиін ағаш қуысына азық қорын жинайды.Тышқан мен қортышқан ініне егістіктен масақ дәндерін жинайды.Борсық інінің ішін тазалап,қысқа дайындап, ағаш тамырын,саңырауқұлақ жинайды.Қасқыр мен түлкі қысқа азық жинамайды. Жануарлардың қысқы тіршілігін</p> |
|--|--|--|---|---|

| | | | | |
|---|--|--|--|--|
| <p>дөңгелектерді фишкамен белгілеп қою ұсынылады. Педагог жылдың қай мезгілінде кейбір құстардың жылы жақтарға ұшып кететінін сұрайды, балалар болжамдап жауап береді. Педагог балаларға кейбір құстардың неге ұшып кететініне болжам жасауға (болжамдар айтуға) көмектеседі. Құстардың неге ұшып кететінінің себебін табу қажет, суреттерді тәртібімен қойып шығу. Педагог балаларға жыл құстарының күннің суып кетуінен ұшып кететіндігінде деген қорытындыға әкеледі. Суық түсуімен құстарға жейтін қоректері болмайтындықтан оңтүстікке қарай ұшып кетеді. Себебі оңтүстік жақтар жылы болады. Жыл құстары қайда қыстайды?</p> <p>Мақалдар Аққуды атпа, Досыңды сатпа. Қарға баласын «аппағым» дер, Кірпі баласын «жұмсағым» дер. Құстарымызға қыста тоңып қалмауларына не көмектеседі? Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Қыстап қалатын құстарды табады. 2-тапсырма. Құстарды ұяларымен сәйкестендіреді. 3-тапсырма. Үй құстары мен жабайы құстарды ажыратады. Қорытындылап,</p> | | <p>-Балалар көкөністер қайда өседі? -Жемістер ше? -Көкөністермен жемістердің атауын үш тілде айтайық -Балалар енді бір сергіп алайықшы. Сергіту сәті: «Бала бала балақан» Айсұлудың 1 тапсырмасы -Көкөністер пайдасы туралы не білесіңдер? -Білеміз бе? Айсұлудың 2 тапсырмасы -Жемістер туралы не айта аласыңдар? -Әрине, бұл туралы да біледі, балалар. Айсұлудың дауысы: -Тамаша, сендерге риза болдым, балалар. Қуаныш дауысы: -Балалар, актёр сахнада өзін қалай ұстауы керек? -Олай болса, бірге жаттығу жасайық -Керемет, балалар сендерге ризамын. Сиқырлы сандықшамды тамашалауға болады. -Алақай, күзгі сандық ашылды. Ішінде не бар екен. Қандай тамаша, өнімдер екен! Мінекей, балалар Қуаныш пен Айсұлудың жіберген өнімдері ертегіні бізге тыңдауға мүмкіндік берді.</p> <p>«Көкөністер мен жемістер дауы» ертегісі.</p> <p>Көкөністе, жемісте, Денсаулыққа пайдалы Мұны жатқа біліндер, Оларды жақсы көріндер! -Балалар, осы көкөністер мен жемістер туралы жұмбақ білеміз бе? -Өте жақсы, балалар кітаптың келесі бетіндегі тапсырмаға назар</p> | <p>үйлесімді болуына назар аударылады. Жұппен жалпы дамыту жаттығулары Тура бағытта доп домалату. Балалардың бірі өзінен 3 метр қашықтықтағы сызыққа қарай допты шапшаң домалатады. Допты домалата салысымен, қасындағы екінші жұбы допты сызыққа жеткізбей артынан қуып жетуге тырысады. Әріптестер орын алмасады. Олардың жұппен қалай бірге жұмыс істейтініне, әлеуметтік дағдыларына назар аударыңыз. Бағытты өзгерте отырып баяу қарқынмен жүгіру (3–5 мин). Тынысты қалпына келтіру. Қолмен 5 метр арақашықтықты жүру (бір бала екінші баланың аяғын көтеріп ұстайды, екінші бала қолымен жүреді). Екі қатарға тізіліп тұру. Екі тізе арасына қысылған доппен қос аяқтап секіру. Бірінші қатардағы балалар допты екі тізе арасына қысып, екінші қатардағы балаларға қарай секіріп барады; оларға допты беріп, артпен орнына қайта жүгіріп келеді. Балалардың қолды сермей отырып, бір уақытта қос аяқтап бар пәрменімен секіруіне назар аударылады. «Шеңбер» Құрсаулар шеңберлей қойылады. Ойынға қатысушылар өз құрсауында тұрады (бір құрсауда тек 2 бала болу</p> | <p>бейнелейтін суретпен жұмыс. Сергіту сәті; «Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық» «Аңдар қысқы суықтан қорықпайды Оларды суықтан жылы, жұмсақ терлері сақтайды. Қоян мен тиін жауларынан қорғану үшін, терілерінің түсін ақ түске өзгертеді Тиін өзінің жазда, күзде жинаған азығын іздеп табады. Ал аю болса, қыс бойы апанында ұйықтайды. Олардың денесіне жиып алған майы олардың аш болмауына көмектеседі. Ал қоян, қасқыр, түлкі қысқа азық жинамайды. Қоян ағаштың қабығын кеміреді. Түлкі үнемі қар бетін иіскелеп жүреді. Ол қар астынан тышқанның ізін іздейді. Бірақ қыста жануарлар үшін азық азайып кетеді. Сондықтан қыста оларға қосымша азық берген дұрыс. Орманға жем-шөп, орамжапырақ, жаңғақ апарып төгу керек. -Ал ұйжануарлардың қысқы тіршілігі туралы не білесіңдер? Дәптермен жұмыс Жеке жұмыс жүргізу</p> |
|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| | <p>мадақтау.</p> <p>4.В.к. Ұлттық ойындар. Тақырыбы: «Түйе мен бота» Мақсаты: Үй жануарлар туралы балалардың білімдерін бекіту. Түйенің пайдалығы мен керектігі туралы әңгімелесу. Балаларды жылдам қозғалуға тәрбиелеу.</p> | | <p>аударайық.</p> <p>-Көкөністер мен жемістерге дене мүшелерін салып, мультфильм кейіпіне айналдырамыз.</p> <p>-Мінекей, балалар бүгінгі оқу қызметі көркем әдебиеттен қандай ертегімен таныстық?</p> <p>-Олардың адамға пайдасы барма екен?</p> <p>- Ал бүгінгі оқу қызметінде өте жақсы кейіпкерлерге көңіл күй мадақтамасы бар.</p> <p>4.Мүсіндеу. (Заттық мүсіндеу.) Тақырыбы: Ермексаздан жасалған күлдіргі шарлар Мақсаты: Қарапайым көркем образдарды жасау, образды түрлі ұсақ бөліктермен, сәндік элементтермен толықтыра отырып, көңіл-күйін бере білу, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау Педагог ҰОҚ-де жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасайды. Талқылау: «Күлдіргі шарлар» дегеніміз қандай кейіпкерлер? Оларды қайдан көрдіңдер? Балалар олардың мультфильм кейіпкерлері екенін және қызықты оқиғалар құрастыратынын айтып береді. Әліппе-альбоммен жұмыс. Балалар «Күлдіргі шарлар» мультфильмінің кейіпкерлерінің суреттерін қарап шығады және аттарын атап береді. – Саған қайсы кейіпкер көбірек ұнайды? Неге? Бұл туралы достарыңа айтып бер. Балалар ҰОҚ не туралы сөз болатынын болжап, зерттеудің тақырыбы мен</p> | <p>керек), ал бір бала үлкен шеңбер ортасында тұрады. Белгі берілгенде, «үйі» жоқ бала кез келген құрсауға кіріп, ондағы баламен жұп құрады. Жалғыз қалған бала шеңбер ортасына шығып, ойын жалғасады. Бүкіл ойын бойы бірге болған жұп жеңіске жетеді.</p> <p>4.В.к. Логика әлемі. Тақырыбы:</p> <p>Бір. Көп. Саны мен цифры. Мақсаты:</p> <p>Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту.</p> | |
|--|---|--|---|---|--|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|---|
| | | | <p>мақсатын айқындайды. Әліппе-альбоммен жұмыс. Үлгілерді көрсету. Тәрбиеленушілер мүсіндеу үлгілерімен танысады, мүсіндеу түрлері мен тәсілдерін атап береді. Қамырмен жұмыс істегенде қандай құралдар пайдаланылатынын айтады.</p> <p>Саусақтарға арналған жаттығу: «Кірпі, кірпі, кірпім-ай ...»</p> | | |
| <p>Алақай ойын! Сюжетті рөлдік , қимылдық және дидактикалық ойындар</p> | <p>Қ/О: «Бағдаршам». Мақсаты: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту - ептіліктерін дамыту. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамы</p> | | <p>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту; Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.</p> | <p>О: «Қасқыр қақпан» Мақсаты: Белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру; Жылдамдықтарын, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</p> | <p>Қимылды ойындар жинағы « Паравоз » Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.</p> |
| <p>« Табиғатпен біргеміз» Серуенге дайындық Серуен, табиғатты бақылау, таныстыру. Ойындар еңбек</p> | <p>Серуен №1 Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: — Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады); — Қыс мезгілінің басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.</p> | | <p>Серуен №2 Бақшаны бақылау Мақсаты: — қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру; — зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.</p> | <p>Серуен №3 Торғайларды бақылау Мақсаты: — Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; — Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> | <p>Серуен №4 Қардың түсуін бақылау Мақсаты: - <i>Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;</i> — <i>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;</i> — <i>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</i></p> |
| <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p> | <p>дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту</p> | | <p>таныс ертегілердің мазмұнын айтып беру</p> | <p>дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына қызығушылық таныту.</p> | <p>шынықтыру түрлерін, өз-өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын игерту</p> |
| <p>Балалардың үйге қайтуы.</p> | <p>Өтілген дыбыстарға байланысты тақпақ, жаңылтпаштар қайталау</p> | | <p>Ата-анамен сөйлесу, тақпақтарын , сандарды қайталау.</p> | <p>Балаларының оқу іс - қызметіне көңіл бөлу керектігін айту.</p> | <p>Ата-анамен сөйлесу. Балалардың тәртібін айту.</p> |